

# Немістердің ЖАН ЖАДЫРАТАР жанры бар

(Соңы. Басы 1-бетте)

– Кино – адамға қуаныш, көтеріңкі көңіл күй, рухани демалыс сыйлайтын өнердің бір түрі ғой. Әсіресе, ұзақ жұмыс күнінен соң кино тамашалау жаныңды сергітеді. Осы орайда мен елімізде, оның ішінде Өскемен қаласында осындай тамаша кинофестивальді ұйымдастырушыларға, бүгін осынау шараға қатысып отырған Бавария Республикасының мемлекеттік министрі Эмилия Мюллер ханымға Өскемен қаласы тұрғындары атынан зор алғыс айтамын. Бұл – Мюллер ханымның біздің облысқа жасаған тұңғыш сапары. Тағы да Шығыс Қазақстанға хош келдіңіз дейміз. Бұл сапардың екі жаққа да өте пайдалы болатынына сенеміз. Енді алдағы уақытта тек Германия мен Қазақстанның арасында ғана емес, Бавария мен Шығыс Қазақстан облысы арасында терең әріптестік орнайды деген үміттеміз, – деді фестивальдің ашылу рәсімінде сөз алған аймақ басшысы Бердібек САПАРБАЕВ.

Өз кезегінде Бавария Республикасының мемлекеттік министрі Эмилия Мюллер ханым да осынау шараға қатысуға мүмкіндік туғанына шексіз ризашылығын білдіре келе қазіргі жаһандану заманындағы кино өнерінің маңызына тоқталды. Өнер мен мәдениетте шекара жоқ. Адамзат баласына ең түсінікті тіл де – өнер тілі. Ұлт пен ұлтты, ел мен елді таныстыратын да, табыстыратын да оның өнері мен мәдениеті. Осы орайда мұндай шаралардың атқаратын ролі зор. Соны-

мен қатар Э.Мюллер ханым Шығыс Қазақстанға жасаған бұл сапарынан үлкен әсер алғанын да жайып салды. Қазақстанның Орта-лық Азиядағы көшбасшы мемлекеттің бірі екенін, алдағы болашағы жарқын екеніне сенім білдіре келіп, барша киносүйер қауымды фестивальдің ашылуымен шын жүректен құттықтады.

Осы орайда Өскемендегі неміс кино өнері фестивалінің шымылдығы швейцариялық режиссер Кристиана Фрейдің «Ғарыш туристері» атты деректі фильмімен ашылуы әсте тегін емес. Адамзат баласы үшін ғарыштың қашан да құпиясы көп. Құпия әлем қашан да қызықтырып, өз тереңіне тартады. Соңғы уақытта дүниежүзінде ғарышқа саяхаттауды арман ететін бай адамдардың қатары күн санап артып келеді. Ғарышты бір көріп қайту үшін олар миллиондаған ақшасын суша шашуға да әзір. Фильмнің көрсеткен мазмұны осындай. Өскемендік кино қырашармендер осынау фильмнің режиссері Кристиана Фрейді көзбен көру құрметіне де ие болды. Режиссерді Өскемендегі өндіріс алыбы «Қазцинктің» өзі арнайы алыстан алдырыпты. К.Фрей сахнаға көтеріліп, сөз алды. Осыдан тура бес жыл бұрын ол осы фильмді түсіру үшін қазақ елінің космодромы Байқоңырға арнайы келіпті. Әрине, ғарыш әлемі жайлы кино түсіру оңай болған жоқ. Киноны түсіру жолында көптеген қиындықтар да кездескен көрінеді.

– Ең алдымен киноны көріп алыңыздар, –



Кинофестивальдің ашылу салтанаты

деді К. Фрей сыпайылық сақтап. – Содан кейін көкейлеріңізде туындаған сауалдарыңызға жауап беруге мен дайынмын.

Айта кетейік, швейцариялық режиссер Кристиана Фрей – төрт деректі фильмнің авторы. «Ғарыш туристері» фильмі оның соңғы жұмыстарының бірі екен.

Жалпы КИНОгерМАНИЯ неміс кино фестивалінде көрсетілетін фильмдердің жанры әртүрлі. Психологиялық триллер, драма, комедия... Әр фильм көрерменін ойланып-толғануға, күйініп-сүйінуге мәжбүр етеді.

Нағыз өнердің де мақсаты – осы емес пе? Адам сезімін селт еткізіп, жүрегін дір еткізе алса, режиссердің мақсаты орындалғаны.

Фестиваль қыркүйек айының ортасынан қараша айының соңына дейін жалғаспақ. Алда неміс киносын Қазақстанның Семей, Атырау, Ақтау, Павлодар, Қызылорда, Көкшетау, Шымкент, Қызылжар, Тараз, Қостанай тұрғындары да тамашалау бақытына ие болмақ. Ұйымдастырушылардың айтуынша, КИНОгерМАНИЯ неміс кинофестивалінің жабылу салтанаты Алматы қаласында өтпек.